

Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы Малеевка селолық округінің Быково, Богатырев ауылдарының, Ново-Калиновск елді мекенінің көшелеріне атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы Малеевка селолық округі әкімінің 2012 жылғы 23 мамырдағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 20 маусымда N 5-12-145 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аймақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және Быково, Богатырево ауылдарының, Ново-Калиновск елді мекенінің тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Малеевка селолық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Быково ауылындағы Быково өзенінің ар жағындағы атауы жоқ көшеге - Заречная;
Быково ауылындағы Быково өзенінің сол жағындағы Заречная көшесіне қатар жатқан атауы жоқ көшеге - Зеленая;
Быково ауылындағы Зеленая көшесімен қатар ауылдың солтүстік батысына қарай орналасқан атауы жоқ көшеге - Школьная;
Быково ауылындағы Школьная көшесімен қатар ауылдың солтүстік батысына қарай орналасқан атауы жоқ көшеге - Мараловод;
Быково ауылындағы шығыстан батысқа қарай Бұқтырма өзеніне перпендикуляр орналасқан атауы жоқ көшеге - Лесхозная;
Быково ауылындағы оңтүстіктен солтүстікке қарай Лесхозная көшесіне перпендикуляр орналасқан атауы жоқ көшеге - Центральная;
Быково ауылындағы шығыстан батысқа қарай Центральная көшесіне перпендикуляр орналасқан атауы жоқ көшеге - Окраинная;
Богатырево ауылындағы батыстан шығысқа қарай Бұқтырма өзенінің ағысымен орналасқан атауы жоқ көшеге - Боровая;
Богатырево ауылындағы ауылдың солтүстігінен батысқа қарай атауы жоқ көшеге - Ц е н т р а л ь н а я ;
Богатырево ауылындағы ауылдың солтүстігінен оңтүстігіне қарай орналасқан атауы жоқ көшеге - С о л н е ч н а я ;
Богатырево ауылындағы ауылдың оңтүстігінен солтүстігіне қарай орналасқан атауы жоқ көшеге - М о л о д е ж н а я ;

Богатырево ауылындағы ауылдың оңтүстігінен солтүстігіне қарай орналасқан атауы жоқ көшеге - Прохладная;

Богатырево ауылындағы ауылдың оңтүстік-шығысына қарай орналасқан атауы жоқ көшеге - Заречная;

Ново-Калиновск ауылындағы аты жоқ көшесіне – Центральная атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

*Малеевка селолық
Н. Зайцева*